

Б.А.Ғабдулина

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ 1995–2007 ЖЖ. ПРЕЗИДЕНТТІК БИЛІК КЕЗЕҢІ

Основным содержанием посттоталитарного развития Казахстана с точки зрения государственного самоопределения стала эволюция от Республики Советов к президентской, затем президентско-парламентской Республике. Учрежденный в рамках Республики Советов институт Президента за период своего недолгого, по историческим меркам, существования эволюционировал в рамках президентской формы правления и оказывал решающее влияние на становление казахстанской государственности и развития общества в целом.

The main contents of post totalitarian development of Kazakhstan from the point of view of the state self-identification became the evolution from the Soviet republic to presidential one, furthermore to presidential-parliamentary republic. Founded within the limits of the Soviet republic during the small period of its existence the institute of the President transformed in the frameworks of presidential form of ruling and made an impact on the making of Kazakhstan government institute and social development in general.

Қазақстан либералдық сипаттағы саяси жүйеге Кеңес Одағы толық күйремей жатып-ақ бетбұрыс жасай бастады. Ескі саяси жүйені демонстрацияда, демократиялық саяси жүйеге қарай түбегейлі бетбұрыс жасау шаралары 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациядан бастауын алды. Декларацияда Қазақстанда алғаш рет билік тармақтарын заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлу қарастырылды. Президентке Республика басшысы ретінде ең жоғарғы әкімшілік-атқару билігі жүктелді. Осы құжаттан бастап Қазақстанда шешуші мемлекеттік тұлға Президент болды деп есептеуге болды. Сонымен қатар биліктің негізгі тірегі Қазақстан халқы екендігі және биліктің негізгі органдары халық атынан қызмет ететіндігі атап көрсетілді. Биліктің халық алдында толық жауаптылығы белгіленді [1].

1990 жылы Қазақ КСР-нің «Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес Қазақстанда президенттік институтының іргесі қаланды.

Қазақстан Конституциясы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Басшысы алты жыл мерзімге сайланатын Қазақ КСР-нің Президенті болып табылады деп жария етті. Мемлекет басшысы республика аумағында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, Қазақ КСР-нің Конституциясы мен заңдарын сақтаудың кепілі болып табылды, республиканың егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын қорғау жөнінде қажетті шаралар қабылдады, Қазақстан атынан ел ішінде және халықаралық қатынастарда, сондай-ақ КСРО Федерация Кеңесінде өкілдік етті. Президент сайлауы Қазақ КСР-нің «Қазақ КСР Президентін сайлау туралы» Заңының негізінде жүзеге асырылды. 1990 жылғы 24 сәуірде республика Жоғарғы Кеңесінің Қазақстанның тұңғыш Президенті — Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сайлауымен байланысты мемлекет тарихында маңызды іс жүзеге асты.

Мемлекет басшысы жоғары қызметке сайланысымен, реформаланып отырған КСРО шеңберінде Қазақстанның саяси және экономикалық дербестігін нығайтуға бағытталған белсенді қадамдарды қолға алды және сонымен бірге халықтар арасында қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және тарихи байланыстардың ыдырауына жол бермеу жолында ерік-жігер мен табандылық танытты.

1991 жылғы 16 қазанда Мемлекет басшысы Қазақ КСР-і Президентін сайлау туралы Заңға қол қойды. Нақ осы күзде Қазақстан Магниткасының металлургтері Н.Ә.Назарбаевты елдегі тұңғыш жалпыхалықтық сайлауда президенттікке кандидат етіп ұсынды [2, 7].

1991 жылғы 1 желтоқсанда сайлау нәтижелері қорытындыланғаннан кейін Н.Ә.Назарбаев дауыс беруге қатысқан қазақстандықтардың 98 % астамының қолдауын алып, бүкіл халық сайлаған тұңғыш Президент болды.

Мемлекет басшысының алғашқы аса маңызды іс-қимылының бірі оның бастамашылығымен әзірленген «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Қазақстан Республикасын әлемге жария еткен Заңға 1991 жылғы 10 желтоқсанда қол қойылуы болып табылады.

Елдің жаңа мемлекеттілігін құру Қазақстан тәуелсіздігі мен егемендігін жаңа нышандарын әзірлеп, қабылдауды да талап етті. Осынау жаңа мемлекеттің нышандарға ие болу тарихи факті Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы туралы», «Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы туралы», «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына қол қойған 1992 жылғы 4 маусымда жүзеге асты [2, 9].

Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» (1992) атты хрестоматиялық кітабында [2, 10] көрсетілген президенттік басқару нысаны тән мемлекет құрылысы, заң шығару және сот билігін реформалау, экономика мен әлеуметтік саланы түбегейлі реформалау үшін нормативтік база жасау жөніндегі стратегиялық міндеттерді іске асыру мақсатты түрде әрі жоспарлы жүзеге асырылды.

Елде құқықтық реформаны жүзеге асыру мен жаңа заңдар базасын жасау 1993 жылғы 28 қаңтарда өтпелі кезеңдегі Қазақстан Конституциясын қабылдаумен сипатталды.

Қазақстанның өкілді және атқарушы органдарын реформалау, орталық мемлекеттік және жергілікті органдар өкілеттіктерін бөлу — осының куәсі. 1993 жылғы 10 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттіктер беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Алайда бұл да, әлемнің тез өзгеріп жатқан жағдайларында, жеткіліксіз болып шықты. 1994 жылғы 7 наурызда сайланған Қазақстанның тұңғыш кәсіби парламенті жедел даму үстіндегі ахуалға барабар оңтайласуға дайын бола алмады. Елдің Конституциялық сотының 1995 жылғы 10 наурыздағы шешімімен заңсыз деп танылды.

Әлемдік саясаттағы Қазақстанның жаңа орнын анықтау шараларын басқарушы ең жоғарғы әкімшілік-атқарушы билігі бар Президент басқара бастады. Экономикалық нарықтық қатынастарға бетбұрыс жасауын, меншік түрлерінің әр-алуандыққа ие болуын, саяси плюрализмнің қалыптасуын, елдің демократиялық модернизацияға түсуі сияқты өзекті міндеттерді шешу саясатын да Президент тікелей жүргізе бастады. Сонымен, ғасырлар алмасар тұста жаңа Қазақстанның жаңа әлемдегі орнын анықтауда, елді әлемдік өркениет үрдістеріне қосу істеріне Президент басшылық жасады. Президенттің қоғам, мемлекет, халық және адам тағдырына жауапкершілігінің артуы құбылысы саяси өмірге келді. Постсоциалистік және посттоталитарлық кезеңдегі дағдарыстық үрдістерді ауыздықтау міндетін шешу барысында ел халқының алдында президенттік биліктің зәрулігі дәлелденіп, оның абыройының артуы көрінді. Президенттік билік арқылы Қазақстан халқы өз тағдырын өзі шешетін саяси-әлеуметтік қауымдастыққа айнала бастады. 1990-шы жылы ел халқының 41 % құрап, 6,8 миллион адамға жеткен қазақ ұлты өзінің төл мемлекеттілігін жасау мүмкіндігіне ие болды [3]. Қалыптасқан ахуалды негізге ала отырып, сондай-ақ қоғамның жіктелуіне жол бермеуге Президенттен шаралар қолдануын талап еткен ел тұрғындарының күллі әлеуметтік топтарының пікірін ескере отырып, Мемлекет басшысы уақыт талабына орай референдум өткізуге шешім қабылдады.

1995 жылғы 29 сәуірде өткізілген референдум қорытындысында Қазақстан Республикасы Президенті өкілеттілігінің мерзімін ұзартуды жақтап сайлаушылардың 95,46 % дауыс берді және Н.Ә.Назарбаевтың реформашыл жолын бүкіл халық болып қолдады. Осы кезеңде Президент қызметі әдеттегіден әлдеқайда қауырт та ауқымды еді. Парламент тараған кезде Мемлекет басшысы жауапкершілік жүгін батыл түрде өзі қолға алып, жаңа әрі жеткілікті нормативтік-құқықтық база жасау жолымен экономиканы жандандыруға бағытталған 511 жарлық шығарды, оның 132-сінің заң күші бар еді. Дәл осы уақытта реформаны жалғастыру үшін өмірлік қажеттіліктен туындаған «Жер туралы», «Мұнай туралы», «Ұлттық банк туралы», «Акциздер туралы», «Банкроттық туралы» және басқа заңдар қабылданды. Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Республикалық референдум туралы», «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы», «Қазақстан Республикасының соттары және судьялардың мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы», «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы», «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» және мемлекеттік құрылыс мәселелеріне арналған көптеген басқа да актілері жарық көрді.

Реформаларды жалғастыру және тереңдету үшін Қазақстан Республикасы Президентінің басшылығымен және тікелей қатысуымен әзірленген елдің жаңа Конституциясын қабылдау жөніндегі Республикалық референдумның маңызы аса зор болды.

Жаңа Конституцияны қабылдауды білдірген 1995 жылғы 30 тамыздағы Референдумның қорытындылары (сайлаушылардың 89 % жақтап дауыс берген) таңдаған жолдың дұрыстығын дәлелдеп берді.

Президенттің Қазақстан Республикасының егемендігін жариялауымен бірге аумақтық тұтастықты сақтау мен елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің неғұрлым өткір мәселелері де шешімін тапты.

Елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қазақстан Президентінің жанкешті күресі Қазақстанның қауіпсіздігіне Ресей, АҚШ және Ұлыбритания тарапынан кепілдіктер алу туралы Будапешт меморандумына (1994) қол қойылумен тұжырымдалды. Мұндай кепілдіктер Франция мен Қытай Халық Республикасынан да алынды.

Қазақстанның әлемдік аренаға ұмтылуы, бірінші кезекте, Мемлекет басшысының белсенді сыртқы саяси қызметіне байланысты.

Ватиканда Қазақстан жетекшісі Н.Ә.Назарбаев пен римдік-католиктік шіркеудің басшысы папа Иоанн Павел II-нің екі рет кездесуі болды.

Осы жылдар ішінде Қазақстан Республикасында мемлекеттер мен үкіметтер басшылары — 102 рет, 320-дан астам — үкіметтік және парламенттік делегация, сондай-ақ БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ, ЕК, БҰҰДБ, ДСҰ, ХААҰ, ЭЫҰ тәрізді басқа да дүнежүзілік халықаралық институттардың мүшелері сапармен болды [2; 14, 15].

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен ЮНЕСКО және НАТО-СЕАП-тың мерейтойлары, БҰҰ Бас Ассамблеясының арнайы мәжілісі, ЕҚЫҰ-ның Хельсинкидегі, Лиссабондағы, Будапешттегі және Стамбулдағы тарихи кеңестері, Екінші Дүнежүзілік соғыстың аяқталғанына 50 жыл толуына арналып Парижде, Лондон мен Мәскеуде тойланған мерекелер тәрізді халықаралық ұйымдардың ірі іс-шаралары өтті.

Мемлекет басшысының ЕҚЫҰ-ның Хельсинкидегі кеңесінде күн тәртібіне қойылған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру туралы идеяларын іске асырылды.

Әлемдік саясатта Қазақстан жария етіп, жүргізіп отырған көпвекторлы жол өзінің елеулі нәтижелерін беруде. Бұл тұрғыда Америка Құрама Штаттарымен стратегиялық және демократиялық серіктестік, Жапониямен стратегиялық серіктестік туралы келісімдерге, «ШЫҰ» жобасы шеңберіндегі шекараның ұзына бойында сенім шаралары туралы келісімге, Ресеймен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен, Украинамен достық туралы шарттарға қол қою айрықша орын алады. Қазақстан Республикасының ҚХР-мен шекарасын межелеу, Ресеймен, Өзбекстанмен және Қырғызстанмен шекараны белгілеу туралы мәселені шешу жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Өзірленген ұлттық қауіпсіздік стратегиясы мен Қазақстанның әскери доктринасы — бірінші кезекте тату-тәтті көршілік қатынастарды дамытуға, халықаралық проблемаларды өркениетті шешуге, қару-жарақпен сес көрсету және күш қолдану көзқарасынан бастартуға бағытталған бейбітшілік сүйгіш жолдың жарқын куәсі.

Мемлекет басшысының сыртқы саяси қызметі Қазақстанның әлем мемлекеттерімен сыртқы экономикалық байланыстарын дамыту мәселелерін шешумен тығыз сабақтасып жатыр.

Экономикалық ынтымақтастық туралы шарттарға іс жүзінде Шығыс және Батыс Еуропаның барлық мемлекеттерімен, арабтық Шығыс елдерімен, Үнді Қытаймен, Корей түбегімен, Түркиямен, Иранмен және Пәкістанмен қол қойылды. Экономикалық ынтымақтастық ұйымы шеңберінде көрсетілген елдермен ынтымақтастық табысты жүзеге асырылуда. Қазақстан мен Германия арасындағы белсенді әрі ұзақ мерзімді ынтымақтастық дамуда, Балтық және Қара теңіз жағалауы елдерімен байланыс жолға қойылды.

Қазақстанда іргелі әлемдік компаниялардың пайда болуы — Мемлекет басшысының елге шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі табанды қызметінің нәтижесі. Қазақстан жетекшісінің Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форумның жұмысына белсенді қатысуы да осыған бағытталған.

Н.Ә.Назарбаевтың шет елдерге сапарлары барысында Қазақстанда құрылған жеткілікті нормативтік-құқықтық база негізінде өзара тиімді ынтымақтастық жобаларына назарлары ауған әлемдік бизнес-элитаның өкілдерімен көптеген кездесулер өткізілді.

Қазақстанда Алматы Инвестициялық саммиті және Кәсіпкерлер форумы өткізілді. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі — соның айғағы.

Мемлекет басшысының 1996 жылғы Жарлығымен Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитет құрылды, ал 1997 жылғы ақпанда Қазақстан Президенті «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заңға қол қойды.

Инвестициялық қызметтің өрістеуі Қазақстан экономикасын жандандырды. Ахуалды дамытуда Мемлекет басшысы арнайы нормативтік-құқықтық актілерді шығару жолымен шағын және орта кәсіпкерлікті ынталандыруға, әйелдерді бизнеске тартуға бағытталған шаралар қабылдады.

Елдегі кәсіпкерлікті дамытуға Мемлекет басшысының «Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жандандыру жөніндегі шаралар туралы», «Кәсіпкерлік қызмет бостандығына мемлекеттік кепілдіктерді іске асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы», «Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың басымдықтары мен аймақтық бағдарламалары туралы» жарлықтары серпін берді.

Мемлекеттік басқару органдарын оңтайландыру елдің күш-қуат құрылымдарын — Ішкі істер министрлігін, ҰҚК-ін, тергеу, алдын ала тексеру жүргізу және сот органдарын, тәуелсіз Қазақстанның армиясын реформалауға ықпал етті.

Республикада құрылған нормативтік-құқықтық база адамдардың санасын өзгертуге ықпал етті, әрі қоғамды жаңа болмысты қабылдауға меншіктің барлық түрлерін мойындауға негізделген, мемлекеттің араласуынан еркін нарықтық экономикаға бұруға мүмкіндік туғызды.

Соңғы кезеңде елімізде оның саяси өмірінде үлкен өзгерістер болуда. Қазақстан Республикасы қазіргі кезеңде мемлекеттік басқару жүйесінде дамудың жаңа бір кезеңіне аяқ басуда. Бұл қоғамдық өмірді демократияландырудың заңдық қажеттілігі болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті халыққа жолдауында Парламенттің өкілеттігін кеңейту туралы және басқа да органдардың қоғамдағы рөлін арттыру, саяси партиялар туралы мынандай ой айтылған.

Біріншіден, Парламенттің өкілеттігін кеңейту.

Парламенттің Конституциялық Кеңесті, Орталық сайлау комиссиясын, Есеп комитетін қалыптастырудағы, сондай-ақ, тұтастай алғанда, бюджетті бекіту мен атқарылуын бақылау мәселелеріндегі өкілеттіктері ұлғайтылады. Парламенттің Үкіметті жасақтаудағы рөлі күшейтіледі.

Екіншіден, саяси партиялардың рөлін арттыруға бағытталған шаралар қабылданатыны айтылған. Партиялық фракциялардың өкілеттіктерін кеңейту, саяси партияларды республикалық бюджеттен қаржыландыру ұсынылды.

Елбасы мәжілісті сайлау кезіндегі партиялық тізімді кеңейту туралы мәселені де қарастыруды атап өтті [4]. Бұл Президенттің көреген саясатының нәтижесі болып табылады. Қазіргі Конституцияда және Президенттің мәртебесін реттейтін арнайы конституциялық заңда мынандай өкілеттіктер көрсетілген, Қазақстан Республикасының Президенті жалпы мынандай құқықтық мәртебеге ие.

Республика Президенті:

1) Республика Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылық құрамын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

2) Республиканың демократиялық институттарына, оның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, азаматтардың қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнген әрі мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған ретте, Премьер-Министрмен және Республика Парламенті Палаталарының Төрағаларымен ресми консультациялар алысқаннан кейін, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлай отырып, Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізуді, Республиканың Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, аталған жағдаяттар талап ететін шараларды қолданады.

3) Республикаға қарсы агрессия жасалған, не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген ретте Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде әскери жағдай енгізеді, ішінара немесе жалпы мобилизация жариялап, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлайды.

4) Парламент Палаталарының бірлескен отырысының қарауына Республика Қарулы Күштерін бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін пайдалану туралы ұсыныс енгізеді.

5) Өзіне бағынышты Республика Президентінің Күзет қызметін және республикалық Ұланды жасақтайды.

6) Қазақстан Республикасының әскери доктринасын бекітеді.

7) Республика азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыру және мерзімді әскери қызметтің қызметшілерін запасқа шығару туралы шешім қабылдайды.

8) Парламент Сенатының келісімімен Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің төрағасын қызметке тағайындайды, оны қызметтен босатады [5].

Парламент мәжілісінде өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациялардан кейін келісім беру үшін мәжілістің қарауына Республика Премьер-министрінің кандидатурасын енгізеді. Парламент мәжілісінің келісімімен Республиканың Премьер-министрін қызметке тағайындайды, оны

қызметтен босатады. Премьер-министрдің ұсынуымен Республика үкіметінің құрылымын айқындайды. Республиканың Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарын құрады, таратады және қайта құрады, Республика Үкіметінің мүшелерін қызметке тағайындайды. Сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер, әділет министрлерін қызметке тағайындайды. Үкімет мүшелерін қызметтен босатады. Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды. Ерекше маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық етеді. Үкіметке заң жобасын парламент мәжілісіне енгізуді тапсырады, Республика Үкіметі мен Премьер-министрінің, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жояды, не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады.

Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Төрағасы қызметке тағайындайды, оларды қызметтен босатады.

Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды құрады, таратады және қайта құрады, олардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын және екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің Төрағасы және екі мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды.

Қауіпсіздік Кеңесі және өзге де консультативтік-кеңесші органдарды, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Жоғарғы Сот Кеңесін құрады», — деп көрсетілген [6]. Қазақстан Республикасы Президентінің сонымен қатар нақты келесі өкілеттіктері бар.

Бұл қысқаша Президенттің соңғы кездегі Конституцияға және оның мәртебесін айқындайтын арнайы Конституциялық заңдарға кірген өзгерістеріне қарайтын болсақ, оны еліміздің Президентінің өзінің өкілеттігін саналы түрде демократияның жартысы болып тұратын Парламентке беруімен түсіндіруге болады.

Президент Н.Ә.Назарбаев 2007 жылы 16 мамырда өткен Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстанның даму жолын саралап, Конституцияға енгізілетін өзгерістер туралы баяндап берді. Елбасының Қазақстан Республикасының Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Ата Заңымызға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі «Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңі — еркін демократиялық қоғамды жедел дамыту» ұсынысы қолдау тапты.

Конституциялық реформаның басты жаңалықтары не дегенде айтарымыз: Президенттік басқару нысаны сақтала отырып, мемлекеттік басқару жүйесіндегі парламентаризм күшейтіледі. Басқаша айтқанда, Президенттік-парламенттік басқару жүйесіне көштік.

Билік жүйесін демократияландыруда қатысты нақты өзгерістер мыналар:

- Президенттік өкілеттік мерзімі жеті жылдан бес жылға қысқартылады. Бұл талап 2012 жылдан соң өмірге еңбекші;
- Парламент депутаттарының жалпы саны 38-ге ұлғайды, 154-ті құрайды. Атап айтқанда, Мәжіліс депутаттарының саны 30-ға көбейіп, 107-ге, 98 депутат пропорционалды жүйе бойынша сайланып, қалған 9 депутат Қазақстан халқы Ассамблеясында сайланды;
- Сенат депутаттарының саны президенттік квота есебінен 7-ден 15-ке көбейді;
- Парламент Сенатының қызмет ауқымы кеңеймек. Яғни оған Мәжілістің уақытша болмайтын кезеңінде (мәселен, өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатқанында) Парламенттің заң шығару міндетін орындау жүктеліп отыр. Сондай-ақ Ұлттық банк төрағалығына үміткер таңдауда алдымен Сенаттың келісімін алу қажет;
- Мәжіліс депутаттарын сайлауда елімізде пропорционалды сайлау жүйесі енгізілді. Бұл саяси партиялардың рөлі артуына себепші болады;
- қоғамдық ұйымдарды мемлекеттен қаржыландыруға тыйым салу туралы конституциялық шектеу алынып тасталды;
- Ата Заңға өзгеріс енгізу үшін облыстар мен республикалық маңызы бар қала тұрғындарының үштен екісінің қолдауын алу қажет.

Конституцияға енгізілген өзгеріс бойынша Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа елдің алғашқы Президенті ретінде республика басшылығына ешқандай шектеусіз қатарынан сайлауға түсу құқы берілді. Қабылданған түзетулер бойынша президенттікке кандидатқа Қазақстанда соңғы 15 жылда тұруы туралы талап қойылды. Президенттік мерзім шектелуінің алынып тасталған себебі, біздіңше, Н.Ә.Назарбаевтың алғашқы Президент ретіндегі қоғам, Отан алдындағы еңбегіне байланысты.

Жалпы алғанда Қазақстанда экономикалық жағдайдың тұрақталуы және біржолата нарықтық экономикаға көшу биліктің қатаң президенттік басқару түрінен Президенттік-парламенттік Республикаға көшуге жағдай жасады.

Қолға алынған конституциялық реформаның ең маңызды бетбұрысы — Қазақстанның Президенттік басқару жүйесінен Президенттік-парламенттік басқару жүйесіне ауысуы екенін айттық. Бұл демократияландыру саласындағы сөзсіз үлкен жаңалық. Енді Президенттік басқару мерзімі 7 жылдан 5 жылға қысқарады. Партиялық фракциялардың жұмысы күшейтіледі. Парламентте Премьер-министрлікке кімді ұсынатынын фракциялар өз ішінде талқылап, Премьер-министрдің кандидатурасы фракциялар тарапынан ұсынылатын болады. Орталық сайлау комиссиясы, Конституциялық Кеңес, Есеп комитеті құрамдарын анықтау Парламентке беріледі [7]. Бұл және басқа өзгерістер, біздіңше, авторитарлы демократия белгілерін артқа тастайтын шынайы демократияға қарай жасалған ең үлкен қадам болып табылады.

Қоғамдық қатынастардың жаңаруына, ел алдындағы міндеттердің өзгеруіне сәйкес президенттік билік өзін-өзі үнемі жаңартып отыруға тырысты. Дағдарыс жылдарында биліксіздікті ауыздықтау мақсатында вертикалды президенттік билік күшейтілді. Ал қоғамдық өмірдің демократияландыруының тереңдеуі қажеттілігі туғанда 2007 жылы мамыр айында Конституцияға енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес Президенттік билік Президенттік-парламенттік билікке ауыса бастады. Елбасы ұсынысымен заң шығарушы билік тармағы — парламенттің, заңдарды орындауды қамтамасыз ететін — сот билігі тармағының күшеюі байқалады. Елдегі билік бөлінісінің құқықтық, демократиялық қоғамға бастайтындығын саяси тәжірибе дәлелдейді. Мұның өзін Елбасының реформаторлық қасиеттері мен білікті саясаткерлігінің нәтижесі деп бағалауға болады. Қазақстан қоғамы демократияның принциптері мен қағидаларын баянды ете отыра, Президент басшылығымен дамыған мемлекеттер қатарында көрінетініне сенім күшті [8].

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларация. Қазақ ССР Жоғарғы Советі 1990 жылғы қазанның 25-де қабылданған // Қазақ әдебиеті. — 1990. — 2 қараша. — 1-б.
2. Қасымбеков М. Қазақстан Республикасындағы президенттік институтының қалыптасуы. — Астана: Елорда, 2000.
3. Ғали Ә. Қолтығы кең қазақ жұрты // Ана тілі. — 1994. — 12 мамыр. — 4-б.
4. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан: Қазақстан Республикасы Президентінің халқына жолдауы. — Алматы: Жеті жарғы, 2007. — 16-б.
5. Қазақстан Республикасының Президенті туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы. 2007 жылдың 1 тамызына дейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген ресми мәтін. — Алматы: Жеті жарғы, 2007. — 6,7-б.
6. Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Алматы: Юрист, 1995. — 13–15-б.
7. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасы Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. — 2007. — 18 мамыр. — 2-б.
8. Борбасов С.М. Президенттік биліктің тиімділігі // Егемен Қазақстан. — 2009. — 15 сәуір. — 3-б.